



Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 желтоқсан N 1385 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы № 891 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011.08.01 № 891 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 22-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу ережесі бекітілсін.

2. "Ғылыми-техникалық қызметте сараптама ұйымдастыру мен жүргізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 қыркүйектегі N 876 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 38, 439-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 27 желтоқсандағы

N 1385 қаулысымен

бекітілген

Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласында мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібін белгілейді.

2. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама (бұдан әрі - МҒТС) - бұл ғылыми-техникалық прогрестің аса маңызды мәселелері бойынша қабылданатын шешімдердің негізділігінің деңгейін айқындау мақсатымен сараптама объектісіне тәуелсіз талдамалық баға алу үшін ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган (бұдан әрі - уәкілетті мемлекеттік орган) ұйымдастыратын бағалау іс-әрекеттері мен қорытындыларының жүйесі.

3. Ғылым және ғылыми-техникалық қызмет объектілерін қаржыландыру (іске асыру) туралы шешім қабылдау МҒТС жүргізілгеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың негізгі міндеттері мен қағидаттары

4. МҒТС-тің негізгі қағидаттары:
тәуелсіздік пен объективтілік;
сараптама жүргізетін адамдар мен ұйымдардың, құзыреттілігі және жоғары к ә с і б и деңгейі;
ғылым мен техниканың әлемдік даму деңгейіне бағдарлану, технологиялық және экологиялық қауіпсіздіктің нормалары мен ережелерін, стандарттар т а л а п т а р ы н с а қ т а у ы ;
сараптама жұмысын ұйымдастырудың жүйелілігі және оның нормативтік және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі;
пайдаланылатын және түзілетін ақпараттың толықтығы мен дұрыстығы;
сараптама ұсынымдарының дұрыстығы, толықтығы мен негізділігі үшін жауапкершілік және сараптама объектісін іске асырудың ғылыми-техникалық, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік салдарларын бағалауға саятын к е ш е н д і л і к ;
қоғамдық ашықтық болып табылады.

5. МҒТС-тің негізгі міндеттері:
Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарын іске асырудың көкейтестілігі мен мүмкіндіктерін бағалау;
ғылыми зерттеулер жүргізуді мазмұндық, ұйымдық, материалдық, ақпараттық қамтамасыз ету жөніндегі сараптама объектілерін объективті және к е ш е н д і қ а р а у ;
сараптама объектілерінің заңнама талаптары мен нормаларына, конкурс шарттарына, ғылыми, техникалық және технологиялық білімдердің қазіргі деңгейіне, ұлттық қауіпсіздік талаптарына және экономикалық мақсаттылыққа

с ә й к е с т і г і н

т е к с е р у ;

бағдарламаланатын зерттеулер мақсаттарының мәнділігін, оларға жоспарланатын операциялар арқылы жетудің мүмкіндіктерін, болжамды еңбек шығындарының, қаржы қаражаттарының, материалдық ресурстардың қажеттілігін және жеткіліктілігін бағалау;

қаржыландыру (іске асыру) үшін жобаларды таңдау жөніндегі ұсынымдарды д а й ы н д а у ;

ұсынылатын ғылыми-зерттеу жұмыстарының, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық әзірлемелердің тиімділігін және нәтижелілігін анықтау;

бағдарламаларды, жобаларды, ұсыныстарды іске асырудың ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық салдарларын, экологиялық қауіпсіздік талаптары есебін бағалау;

қаржыландырылатын ғылыми-техникалық қызмет объектілерінің алынған нәтижелерінің мәнділігін (орындау, аяқталу және өндіріске енгізу сатысындағы), бөлінген қаржы және басқа қаражаттардың тиімділігін бағалау және қаржыландыруды жалғастыру, өзгерту немесе тоқтату туралы ұсынымдарды тұжырымдау болып табылады.

6. Ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы объектілерге мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу кезінде мынадай ең төменгі т а л а п т а р с а қ т а л у ы т и і с :

сараптама объектілерін қаржыландыруға бағалау және ұсынымдар беру МФТС-қа берілген материалдардағы ақпаратқа ғана негізделуі тиіс;

сараптама объектісі бойынша ақпараттың құпиялылығы және сарапталатын материалдардың мазмұнын, сондай-ақ сарапшылар және олардың жұмыстарының нәтижелері туралы мәліметтерді басқа мақсаттар үшін пайдалануға болмайтын міндеттеме қамтамасыз етілуі тиіс;

объектіні бағалауға оның іске асырылуына немесе қабылданбауына қандай да бір мүдделі сарапшылар тартылмауға тиісті;

объектілерді бағалауға тартылған сарапшылар құпиялылықты сақтауға және сараптама жүргізілетін материалдардың коммерциялық құпиясын қамтамасыз етуге міндетті.

3. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібі

7. МФТС-тің субъектілері мыналар болып табылады:

ізденуші - сараптама объектісі бойынша ұсыныстар жасайтын және мемлекеттік тапсырыс негізінде қаржыландыру немесе объектіні іске асыруға рұқсат алуға үміткер жеке немесе заңды тұлғалар;

тапсырыс беруші - сараптама объектісі бойынша шешім қабылдайтын және МФТС жүргізуге тапсырыс беретін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, басқа да заңды және жеке тұлғалар;

ұйымдастырушы - МФТС жүргізуге тапсырысты іске асыруды ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді орындаушы белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган (сарапшылық орган);

орындаушылар - ізденушінің ұсыныстарын талдайтын және сараптама қорытындысын беретін тиісті мамандандырудың тәуелсіз сарапшылары, сараптама топтары, комиссиялары, кеңестері, ұйымдары.

8. Тапсырыс беруші конкурстық комиссия ұсынған материалдар бойынша мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу туралы шешім қабылдайды, ұйымдастырушыға өтінімді және мынадай материалдарды жібереді:

сараптама объектілері бойынша ақпараты бар жолдама хат;

МФТС-қа берілген іріктеу шарттары, материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптар және ұйымдастырушымен келісілген оларды бағалау өлшемдері;

конкурстық комиссияның материалдарды сараптамаға жіберу туралы х а т т а м а с ы ;

сараптама жүргізу үшін жіберілген объектілердің тізбесі (әр объект бойынша ақпарат көлемі көрсетілген), сондай-ақ материалдардың өзі (2 данада);

ұйымдастырушымен МФТС ақпараттық және ұйымдастыру-қаржылық алып жүруге келісім-шарт ж а с а й д ы ;

келісім-шарт: сараптаманың мәні мен объектілерін; сараптама жүргізу шарттарын; тараптардың құқықтары мен міндеттерін; сараптама жүргізу мерзімдерін (бір айдан кем емес); сараптама қорытындысының күші сақталатын мерзімді; сараптама шығындарын төлеу тәртібін; шарттық қатынастарды өзгертуге немесе тоқтатуға әсер ететін шарттарды; келісім-шарт талаптарын орындамағаны немесе дұрыс орындамағаны үшін жауапкершілікті; қорытындылардың дұрыстығына жауапкершілікті, мұндай жауапкершіліктің әрекет ету мерзімін; сараптама объектісінің өзіндік ерекшелігінен туындайтын басқа да мәнді шарттарды анықтауы тиіс.

9. Ұйымдастырушы сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу үшін барлық қажетті ақпаратты алады, сондай-ақ:

өз жұмысының қаржылық, материалдық-техникалық және әкімшілік-құқықтық алып жүруді қамтамасыз етеді;

келіп түскен материалдарға алдын ала талдау жасайды және ұсынылған материалдарда материалдарды іріктеу талаптарынан ауытқулар болған жағдайда, тапсырыс берушіге алдын ала талдау нәтижелері мен сараптаманы әрі қарай жүргізу жөнінде ұсыныстар жібереді;

тапсырыс берушімен сараптамаға қойылатын талаптарды және оны орындау

шарттарын келіседі (қаржыландыру тәртібі, мерзімі және басқалары);
сараптаманы орындаушыларды белгілейді, сарапшылар ретінде жетекші ғалымдар мен жоғары білікті мамандарды, ұжымдық сарапшылар ретінде сараптама топтарын, комиссияларды, кеңестерді, сондай-ақ ұйымдарды тартады және олардың жұмысын ұйымдастырады;

жеке және ұжымдық сарапшылар жұмыстарының нәтижелерін ұсыну тәртібін белгілейді;

орындаушылардан түскен сараптама қорытындыларын белгіленген тәртіппен қарайды және қорытындыны тапсырыс берушіге жібереді.

10. Орындаушы тапсырма талаптары және сараптама жүргізу мерзіміне сәйкес оған ұсынылған объектілерді зерделейді және бағалайды, сараптама қорытындысын дайындайды және ұйымдастырушыға береді.

11. Ізденушінің тапсырыс берушіге ұсынған ақпаратының және сараптамаға түскен материалдардың құпиялылығы:

ізденуші жүзеге асыратын әзірлемелердің алдын ала патенттік қорғалуымен; мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама рәсімдеріне барлық тікелей қатысушылардың сарапталатын ақпараттың құпиялылығын бұзбау жөніндегі міндеттілігімен қамтамасыз етіледі.

12. Ізденушінің талабы бойынша оның санаткерлік меншікке деген құқықтарын қосымша қорғау үшін оның және тапсырыс беруші арасында алушы тараптың (тапсырыс берушінің) шартта айтылған ақпаратты сараптама жүргізуден басқа, өзгеше мақсатта жария етпеу мен пайдаланбауды көздейтін ақпараттың құпиялылығы мен жария етілмеуі туралы жазбаша шарт ресімделеді.

13. Оларды жүзеге асыру кезінде МФТС-ты жүргізу міндетті іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер жүргізу жөніндегі қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.